

## Ерікті өрт сөндірушілердің бастапқы даярлық бағдарламасын бекіту туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2010 жылғы 27 қарашадағы № 416 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 қаңтарда № 6728 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2014 жылғы 27 мамырдағы № 256 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 27.05.2014 № 256 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңының 13-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ерікті өрт сөндірушілердің бастапқы даярлық бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін оның ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі Ж.А. Смаиловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 8 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Министр* *В. Божко*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Т ө т е н ш е ж а ғ д а й л а р м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 4 1 6 б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

## Ерікті өрт сөндірушілердің бастапқы даярлық бағдарламасы

№ р/с	Тақырыптың атауы	Сағат саны		
		барлығы	оның ішінде	
			сыныптық - топтық	практикалық
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері.	2	2	-
2.	Бөлімше қарамағындағы өрт сөндіру автомобильдерінің мақсаты мен тактикалық-техникалық сипаттамалары.	2	1	1
3.	Өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі мен жарағы. Дабыл бойынша жиналу және шығу кезінде бөлімшені автомобильге отырғызу. Қауіпсіздік шаралары.	2	1	1
4.	Жану үдерісі мен жанғыш заттар туралы жалпы мәліметтер. Өрт және оның дамуы. Жанудың тоқтау негіздері.	2	2	-
5.	Өрт сөндіру тактикасының негіздері. Өрте жауынгерлік іс-қимылдардың шешуші бағытын анықтау қағидалары.	2	2	-
6.	Өртке шығу және өрт сөндіру кезіндегі іс-қимылдар. Жеке құрамның өртке шығу, өртті барлау, адамдарды құтқару және мүлікті эвакуациялау кезіндегі іс-қимылдары.	2	1	1
7.	Өрт сөндіру кезінде күштер мен құралдарды басқаруды ұйымдастыру.	1	1	-
8.	Тұрғын ғимараттарда өрттерді сөндіру.	2	1	1
9.	Дала өрттерін сөндіру.	2	1	1
10.	Орман өрттерін сөндіру.	2	1	1
11.	Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	4	2	2
12.	Механикаландырылған және механикаландырылмаған өрт аспабы. Аспапты пайдалану және онымен жұмыс істеу тәсілдері.	2	1	1

13.	Өрт жеңдері мен оқпандары. Жең арматурасы мен жабдығы. Қолданыстағы жең желілерімен және оқпандармен жұмыс істеу.	2	1	1
14.	Қол өрт сатылары. Олармен жұмыс істеу тәсілдері.	1	-	1
15.	Құтқару арқандарының мақсаты, жұмыс істеу тәсілдері мен қауіпсіздік шаралары.	1	-	1
16.	Ауа-механикалық көбікті алуға арналған жабдық.	2	1	1
17.	Өрт байланысы.	1	1	-
18.	Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Көмірқышқыл, ұнтақты және ауа-көбікті өрт сөндіргіштердің түрлері мен жұмыс істеу қағидасы. Ішкі өрт қрандары. Мақсаты, жұмыс істеу қағидалары.	2	1	1
19.	Өрттің алдын алу туралы жалпы мәліметтер.	2	1	1
20.	Өртке қарсы сумен жабдықтау. Мақсаты, түрлері, жұмыс істеу қағидасы және ұстау тәртібі. Өрт колонкасы, жұмыс істеу қағидасы. Гидрантқа өрт колонкасын орнату. Қауіпсіздік шаралары.	1	-	1
21.	Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету.	1	1	-
22.	Сынақ.	2	2	-
	Барлық сағат:	40	24	16

### Ерікті өртке қарсы құралымдардың өрт сөндіру автомобильдерінің жүргізушілері үшін

23.	Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері.	2	2	-
24.	Өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі мен жарағы. Дабыл бойынша жиналу және шығу кезінде бөлімшені автомобильге отырғызу. Қауіпсіздік шаралары.	2	1	1
25.	Жану үдерісі мен жанғыш заттар туралы жалпы мәліметтер. Өрт және оның дамуы. Жанудың тоқтау негіздері.	2	2	-
26.	Бөлімше қарамағындағы өрт сөндіру автомобильдерінің мақсаты мен тактикалық-техникалық сипаттамасы.	2	1	1
27.	Өрт сөндіру автомобильдерінің түрі, жіктелуі және таңбалануы.	2	1	1
28.	Негізгі мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері.	2	1	1
29.	Арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері.	1	1	-

30.	Өрт сорғыштары.	3	1	2
31.	Автомобиль радиостанциялары және радиоалмасуды жүргізу тәртібі.	2	1	1
32.	Өрт сөндіру тактикасының негіздері.	2	2	-
33.	Өрт сөндіру кезінде күштер мен құралдарды басқаруды ұйымдастыру.	1	1	-
34.	Өртке шығу және өрт сөндіру кезіндегі іс-қимылдар . Жеке құрамның өртке шығу, өртті барлау, адамдарды құтқару және мүлікті эвакуациялау кезіндегі іс-қимылдары.	2	1	1
35.	Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	4	2	2
36.	Механикаландырылған және механикаландырылмаған өрт аспабы. Аспапты пайдалану және онымен жұмыс істеу тәсілдері.	2	1	1
37.	Өрт жеңдері мен оқпандары. Жең арматурасы мен жабдығы. Қолданыстағы жең желілерімен және оқпандармен жұмыс істеу.	2	1	1
38.	Көбік түзгіштердің түрлері, олардың физикалық-химиялық қасиеттері. Ауа-механикалық көбікті алуға арналған жабдық.	2	1	1
39.	Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Көмірқышқыл, ұнтақты және ауа-көбікті өрт сөндіргіштердің түрлері мен жұмыс істеу қағидасы. Ішкі өрт қрандары. Мақсаты, жұмыс істеу қағидалары.	1	1	-
40.	Өрттің алдын алу туралы жалпы мәліметтер.	2	1	1
41.	Өртке қарсы сумен жабдықтау. Мақсаты, түрлері, жұмыс істеу қағидасы және ұстау тәртібі. Өрт колонкасы, жұмыс істеу қағидасы. Гидрантқа өрт колонкасын орнату. Қауіпсіздік шаралары.	1	-	1
42.	Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету .	1	1	-
43.	Сынақ.	2	2	-
	Барлық сағат:	40	25	15